

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заң факультеті

«5B030100-Құқықтану» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы

Заң факультетінің
Ғылыми кеңесінде бекітілді
№ _ хаттама «21» 06. 2013 ж.
Факультет деканы _____ Байдельдинов Д.Л.

Негізгі міндетті модуль 7. 6 кредит бойынша

СИЛЛАБУС

«КҚ 1303» - «Конституциялық құқық» (3 кредит)

«АК 1304» - «Әкімшілік құқық» (3 кредит)

1 курс, к/б, 2 семестр (көктемгі)

Модульдің пәндерін жүргізетін оқытушылар туралы **МӘЛІМЕТ:**

«Конституциялық құқық» пәні бойынша

Оқытушының аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі: Жарболова Айгерім Жақсылыққызы, з.ғ.к., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті

Телефондары (жұмыс, үй, ұялы байланыс): 3 77-33-36 ішкі 12-56, 8 775-62-498-62

e-mail: zharbolova.aygerym@mail.ru

каб.: 324

Модульдің пәндерін жүргізетін оқытушылар туралы **МӘЛІМЕТ:**

«Әкімшілік құқық» пәні бойынша

Оқытушының аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі: Құсайынов Думан Өзаманұлы, з.ғ.к., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті

Телефондары (жұмыс, үй, ұялы байланыс): 3 77-33-36 ішкі 12-56, 8 701-111-84-20

e-mail: bms_fund77@mail.ru

каб.: 324

Модульдің МАЗМҰНЫ:

■ Мақсаты

Студенттердің бойында конституциялық және әкімшілік құқықтың аса маңызды ғылыми-теоретикалық ережелері туралы фундаменталдық түсініктерді, арнайы конституциялық және әкімшілік заңнама туралы білімді, оларды қолдану және талқылау туралы дағдыны қалыптастыру.

■ Міндеттері:

- студенттерді конституциялық және әкімшілік құқық ғылымының бастапқы, негіз қалаушы ережелерімен, ілімдерімен таныстыру;
- студенттерді дербес тәжірибелік қызметке даярлау;
- студенттердің саясатта және мемлекеттік-құқықтық тәжірибеде дұрыс бағдар алуына көмектесу;
- студенттердің конституциялық және әкімшілік құқық нормаларын, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық институттардың оларға негізделген қызметтерін, үдерістерді құқықтық талдау әдістемесін меңгеруі;
- студенттердің конституциялық және әкімшілік құқықтық нормаларға және практикаға саяси, экономикалық, мәдени сипаттағы факторлардың әсер етуін анықтауы;
- құқықтық реттеу нұсқаларының көптігіне қарамастан жалпыазаматтық құндылықтарға бет бұрған неғұрлым мақсатты үлгілерді бөліп көрсету және студенттердің бойында қандай-да бір нақты-тарихи жағдайларда оны қолдану мүмкіндігін анықтау қабілетін қалыптастыру.

■ Модуль бойынша оқытудың нәтижелері.

- Конституциялық және әкімшілік құқық ғылымдарының негізгі түсініктері мен категорияларын меңгеруі;
- конституциялық және әкімшілік құқықтық өзекті мәселелер бойынша өз көзқарасын қисынды түрде сауатты жеткізе білуді және оны негіздеу мүмкіндігін игеруі;
- конституциялық және әкімшілік заңнаманы тауып, оларды талқылап, қолдана білуге дағдылануы;
- ҚР-ң қолданымдағы конституциялық және әкімшілік заңнамасына сәйкес түрлі құқықтық әрекеттерді саналы түрде жасап үйренуі.

Жалпы құзырет:

құралдық: мемлекет аумағында және одан тысқары аймақтардағы негізгі конституциялық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық оқиғаларға талдау жасау қабілетін меңгеру; игерілген білімді қисынды баяндау, тәжірибеде алынған білімді қолдана білу қабілетін көрсету, сыни талдау әдістерін, заң техникасын түсіну және қолдана білу, конституциялық және әкімшілік заңнаманы талқылау және қолдана білу; мемлекеттік билік және басқару органдарының жүйесін, құрылымы мен өкілеттіктерін бағыттарын айқындау; конституциялық және әкімшілік құқық салаларының нормаларын талқылай және қолдана білу; құқықтық сипаттағы түрлі актілерді жасай білу.

тұлғааралық: тілдік бірлестіктің мәдениеті мен әлеуметтік ерекшеліктерін білу; тұлғааралық қатынас этикасын игеру және өзін-өзі ұстай білу, жауапкершілікті өз мойына алуға дайын болу және лидерлік қасиеттерін көрсету; заңды түрде өз құқығын, оның ішінде көпшілікті қоғамда басқалардың сәйкес құқықтарын құрметтеумен жеке тұлғаның құқығын қорғай білу; психологиялық қабылдау кезінде сұхбат жүргізу мен жауап алуда, нормативті құжаттарға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстардың құндылығы мен кемшіліктерін бағалауда, ұжымдағы бірлескен қызметте, жұмыс топтарында, басқа саладағы сарапшылармен өзара әрекеттерде, өз жұмысының нәтижесін бағалауда құзырлы болу; адам мен адамның, қоғамның, қоршаған ортаның қатынасын реттейтін этикалық және заң нормаларын білу; қоғаммен, еңбек ұжымымен әлеуметтік өзара әрекеттерге дайын болу, жалпы адами құндылықтар мен жалпыға бірдей этикалық нормаларды білу және сақтау; сындарлы пікірталастарға қатысу және дұрыс келісімге қол жеткізе білу.

жүйелік: нақты тәжірибелік жағдайларда конституциялық және әкімшілік құқықтық нормалар мен теорияларды пайдалануға; заң техникасына, құзіретті болу; айқындалмаған болжамдарды көрсете білу, ойлау логикасында қатені және жіберілген қатені көру; заттардың, құбылыстардың және үдерістердің әлеуметтік ақиқатын зерттеуде

жалпығылыми және философиялық әдістерді меңгеру, өзінің эмоциональды жағдайын басқару.

Пәндік құзырет: мемлекеттік механизмді дамытудың жағдайы мен болашағын, конституциялық және әкімшілік құқықтық жүйені білу; конституциялық және әкімшілік заңнамаға енгізілген жаңалықтарды ұғыну; Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуының тарихи өзгешеліктерін; ҚР құқықтық жүйесі және мемлекеттік механизмі қызметінің ерекшеліктерін; ҚР конституциялық құрылысын; оның қызметінің нақты саласын анықтайтын нормативті құқықтық актілер мен теориялық жолдарының мазмұнын білу, кәсіби қызметте құқықтарын жүзеге асыру үшін олардың мағынасын түсіну.

Пререквизиттері оқылуы қажетті пәндер: а) мемлекет және құқық теориясы; б) мемлекет және құқықтың жалпы тарихы; в) Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы.

Постреквизиттері а) шет елдердің конституциялық құқығы б) муниципалдық құқық; в) әкімшілік жауаптылық; г) мемлекеттік қызмет; д) ақпараттық құқық; е) заң шығару қызметі.

І пән «КҚ 1303» - «Конституциялық құқық» (3 кредит)

Пәннің МАЗМҰНЫ:

Мақсаты студенттердің бойында конституциялық құқықтың аса маңызды ғылыми-теоретикалық ережелері туралы, ҚР-ң конституциялық даму тарихы туралы, демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы мемлекеттілікті құру барысында мемлекет пен қоғамның Негізгі заңы ретінде Конституцияның рөлі және функциялары туралы, адам мен азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі туралы және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының конституциялық жүйесі туралы фундаменталдық түсініктерді қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) конституциялық құқық ғылымының жалпы түсініктері мен категорияларын оқу;
- 2) конституциялық құқық нормаларын және мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық институттардың оларға негізделген қызметтерін құқықтық талдау әдістемесін меңгеру;
- 3) конституциялық-құқықтық нормаға және тәжірибеге саяси, экономикалық, мәдени сипаттағы факторлардың әсер етуін анықтау;
- 4) конституциялық-құқықтық реттеу нұсқаларының көптігіне қарамастан жалпыазаматтық құндылықтарға бет бұрған неғұрлым мақсатты үлгілерді бөліп көрсету және қандай-да бір нақты-тарихи жағдайларда оны қолдану мүмкіндігін анықтау.

Модуль бойынша оқытудың нәтижелері.

- студент конституциялық-құқықтық институттар туралы, Қазақстанның конституциялық дамуының негізгі кезеңдері туралы, қазіргі кезеңде егемен Қазақстанда конституциялық-құқықтық құрылыстың негізгі міндеттері туралы түсінік алады;

- студент ҚР-ң конституциялық құқық ғылымының негізгі түсініктері мен категорияларын, егемен Қазақстанның Конституциясының түсінігін, функцияларын, қағидаларын, дамуының негізгі кезеңдерін, ҚР-ң конституциялық құрылысының негізгі қағидалары мен негіздерін, адам мен азаматтың құқықтық жағдайының негізінің мазмұны мен қағидаларын, ҚР сайлау құқығы мен сайлау жүйесінің негіздерін, мемлекет органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздерін, ҚР-ғы жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық негіздерін меңгереді;

- студент конституциялық-құқықтық өзекті мәселелер бойынша өз көзқарасын қисынды түрде сауатты жеткізе білетін және оны негіздей алатын болады, Конституцияны және конституциялық-құқықтық актілерді талқылап, қолдана білетін болады;

- ҚР-ң қолданымдағы конституциялық заңнамасына сәйкес түрлі құқықтық әрекеттерді саналы түрде жасап үйренеді.

Құзырет: нақты тәжірибелік жағдайларда конституциялық-құқықтық нормаларды пайдалануға құзыретті болу; мемлекеттік механизмді дамытудың жағдайы мен болашағын, конституциялық құқықтық жүйені білу; конституциялық-құқықтық заңнамаға енгізілген өзгерістер мен түзетулерді ұғыну; Қазақстанның конституциялық дамуының тарихи өзгешеліктерін талдап саралау, Қазақстан Республикасының конституциялық құқық жүйесі және мемлекеттік билік органдары қызметінің ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын, жеке адамның құқықтық жағдайының негіздерін, мемлекеттік және жергілікті биліктің ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздерін анықтайтын нормативті құқықтық актілердің мазмұнын білу, кәсіби қызметте құқықтарын жүзеге асыру үшін олардың мағынасын түсіну

ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, КӨЛЕМІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Апт а	Пән «КҚ 1303» - «Конституциялық құқық» (3 кредит)		
	Тақырыптың атауы	Сағ ат	СӨЖ тапсырмалары
I тақырыптық блок**			
1	1 дәріс «ҚР Конституциялық құқығы - ұлттық құқықтық жетекші саласы» 1 практикалық сабақ «ҚР Конституциялық құқығы - ұлттық құқықтық жетекші саласы»	2 1	
2	2 дәріс «ҚР конституциялық құқығы – заңи ғылым» 2 практикалық сабақ «ҚР конституциялық құқығы – заңи ғылым»	2 1	
3	3 дәріс «ҚР Конституциясы - мемлекеттің негізгі заңы» 3 практикалық сабақ «ҚР Конституциясы - мемлекеттің негізгі заңы»	2 1	<i>«ҚР Конституциясының дамуының негізгі кезеңдері» тақырыбында реферат тапсыру міндетті. Тапсыру уақыты – 3-4 апта</i>
II тақырыптық блок**			
4	4 дәріс «ҚР конституциялық құрылысы және оның негіздері» 4 практикалық сабақ «ҚР конституциялық құрылысы және оның негіздері»	2 1	
5	5 дәріс «ҚР-да жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері» 5 практикалық сабақ «ҚР-да жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері»	2 1	<i>«Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы» тақырыбында СӨЖ ауызша тапсырылады. Тапсыру уақыты- 6 апта</i>
6	6 дәріс «ҚР-да жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері» 6 практикалық сабақ «ҚР-да жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері»	2 1	
7	7 дәріс «Қазақстан	2	<i>«Қазақстан Республикасының саяси жүйесі»</i>

	Республикасында меншік пен кәсіпкерліктің конституциялық негіздері» 7 практикалық сабақ «Қазақстан Республикасында меншік пен кәсіпкерліктің конституциялық негіздері» АБ 1	1	<i>тақырыбында СӨЖ ауызша коллоквиум түрінде тапсырылады. Тапсыру уақыты – 7 апта</i>
III тақырыптық блок***			
8	8 дәріс «ҚР сайлау жүйесі» 8 практикалық сабақ «ҚР сайлау жүйесі»	2 1	
9	9 дәріс «ҚР сайлау жүйесі» 9 практикалық сабақ «ҚР сайлау жүйесі»	2 1	
10	10 дәріс «ҚР Президенті, оның құқықтық мәртебесі, өкілеттіктері» 10 практикалық сабақ «ҚР Президенті, оның құқықтық мәртебесі, өкілеттіктері»	2 1	
11	11 дәріс «ҚР Парламенті, оның құқықтық мәртебесі» 11 практикалық сабақ «ҚР Парламенті, оның құқықтық мәртебесі»	2 1	<i>«Парламент депутатының мәртебесі» тақырыбында СӨЖ қабылдау аз топтарда (3-5 адам) бақылау жүргізу түрінде өткізіледі. Тапсыру уақыты - 11 апта</i>
IV тақырыптық блок****			
12	12 дәріс «ҚР Парламенті, оның құқықтық мәртебесі» «ҚР Үкіметі, оның құқықтық мәртебесі» 12 практикалық сабақ «ҚР Парламенті, оның құқықтық мәртебесі»	1 1 1	
13	13 дәріс «ҚР Конституциялық Кеңесі, оның құқықтық мәртебесі» 13 практикалық сабақ «ҚР Үкіметі, оның құқықтық мәртебесі»	2 1	
14	14 дәріс «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару (өзекті)» 14 практикалық сабақ «ҚР Конституциялық Кеңесі, оның құқықтық мәртебесі»	2 1	<i>«Қазақстан Республикасында конституциялық бақылау институтының қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері» тақырыбында СӨЖ қабылдау реферат жазу түрінде жүргізіледі (қорғау қарастырылады). Тапсыру уақыты – 14 апта</i>
15	15 дәріс «Қазақстан Республикасында тікелей демократия нысандарының дамуы (өзекті)» 15 практикалық сабақ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару	2 1	

(өзекті)»		
АБ 2		

Білім және құзырет жүйесіндегі пәннің негізгі ұғымы:

Конституция мемлекет өмірінің негізгі бастауларын – мемлекеттің құрылысын, саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйесінің негіздерін бекітетін, адамның қоғамдағы алатын орнын байқататын мемлекеттің негізгі заңы

Заң маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, ҚР Конституциясында көзделген түбегейлі принциптер мен нормаларды белгілейтін, ҚР Парламенті (Конституцияда анықталған жағдайда республика Президенті, республикалық референдум) қабылдайтын нормативтік құқықтық акт.

Конституциялық заң ҚР Конституциясында конституциялық деп аталған, неғұрлым маңызды қатынастарды реттейтін және күрделендірілген тәртіппен қабылданатын акт

Унитарлық мемлекет өз ішінде қандай да бір дербес мемлекеттік құрылымы жоқ, аумағы әкімшілік-аумақтық бөліністерге бөлінген бірыңғай мемлекет

Мемлекеттік егемендік мемлекеттік биліктің бірлігін, ішкі және сыртқы қатынастағы үстемдігі мен тәуелсіздігін анықтайтын мемлекеттің мәні

Зайырлы мемлекет мемлекет діннен бөлінген, бір-бірінің істеріне араласпайтын мемлекет

Әлеуметтік мемлекет қызметі қоғамның жоғары әл-ауқаттылығына жетуге, қоғамның мүмкіндіктерін, мүліктік және рухани қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған мемлекет.

Құқықтық мемлекет барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, қоғамдық бірлесіктер мен азаматтардың құқықтық нормаларға қатаң сәйкестікте әрекет ету тиістілігін, яғни мемлекетте құқықтық үстемдік етуін білдіретін мемлекет.

Демократиялық мемлекет билік халыққа тән болатын, биліктің жоғары эшолоны халықпен сайланатын, халыққа есепті болатын, саяси әралуандылық, өзін-өзі басқару танылатын мемлекет.

Азаматтық өзара құқықтар мен міндеттер туындайтын, мемлекет пен жеке адам арасындағы тұрақты саяси-құқықтық байланыс

Қоғамдық бірлестіктер мүдделерінің ортақтығы негізінде, ерікті түрде бірігуінің нәтижесінде құрылатын азаматтардың еркін бірігулері.

Саяси партия азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі

ҚР мемлекеттік рәміздері мемлекеттер мен ынтымақтас ұлттардың дүниежүзілік қауымдастығындағы мемлекеттің егемендік абыройын айғақтайтын ресми айырым белгілері

Сайлау құқығы азаматтардың ҚР Президентін, Парламент пен маслихат депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға қатысу құқығы

ҚР Президенті мемлекет басшысы, оның ең жоғары лауазымды тұлғасы, халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі әрі кепілі

Инаугурация Президенттің ант беруі, қызметіне кірісуі

Промульгация Парламент қабылдаған заңға Президенттің қол қоюы

Ратификация Парламенттің республиканың халықаралық шарттарын бекітуі

Вето құқығы Парламент қабылдаған заңға Президенттің қол қоюдан бас тартуы, заңға қарсылық білдіруі

ҚР Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган

Үкімет атқарушы органдардың жүйесін басқаратын және олардың қызметіне басшылық жасайтын мемлекеттің жоғарғы атқарушы органы

Конституциялық Кеңес Республиканың бүкіл аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган

Сот билігі Азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандар арқылы азаматтардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын билік тармағы

Республикалық референдум Конституция, конституциялық заңдар мен мемлекет өміріндегі маңызды мәселелер жөніндегі шешімдердің жобалары бойынша өткізілетін бүкілхалықтық дауыс беру

Әдебиеттер тізімі

Негізгі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасу мен дамуының стратегиясы. Алматы, Дәуір. 1992 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан тәуелсіздігі: тарих тағылымдары және қазіргі заман. Егемен Қазақстан, 17.12.1996.
3. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Алматы, 2008ж.
4. Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі / Қазақстанның даму институты. - Алматы: Жеті жарғы, 1996.
5. С.К. Амандықова. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. – Астана: Фолиант, 2000.
6. З.Ж.Кенжалиев, В.А.Ким. Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасының дамуы. 1-3 бөлім, Алматы, «Қазақ университеті». 2008 ж.
7. Конституционное право РК. Отв. ред. М.С.Нарикбаев. Алматы, 2001.
8. Жарболова А.Ж. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы бойынша дәрістер кешені. Алматы. «Қазақ университеті», 2012 ж.
9. Баймаханова Д.М., Жарболова А.Ж. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы пәні бойынша оқу-әдістемелік кешені. Алматы. «Қазақ университеті», 2008 ж.
10. Ащеулов А.Т., Караев А.А. Конституционное право РК. Учебно-методическое пособие (лекции, тесты, задачи, словарь), А., 2004

Қосымша

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның екі палаталы тұңғыш Парламенті - еліміздің заң шығармашылығындағы жаңа кезең // Егемен Қазақстан. - 1996. - 31 шілде
2. Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы 19.03.2004/Егемен Қазақстан 20.03.04.
3. Н.Ә. Назарбаев. Ата Заң халыққа қызмет етеді // Егемен Қазақстан. - 1996. - 30 тамыз
4. Зиманов С.З. Размышления о новой модели формирования Парламента // Заңгер, 2007, №5
5. Сартаев С.С., Назаркулова Л.Т. Конституция РК – как ядро правовой системы общества // Вестник КазНУ, 2005, №2
6. Кенжалиев З.Ж. Конституция және қоғамдық сана // Егемен Қазақстан, 2005 – 25 тамыз
7. З.Ж. Кенжалиев. Қазақстан Республикасының Конституциясы және құқықтық саясат тұжырымдамасының іске асу кезеңдері // Вестник КазНУ. Серия юридич. – 2003. - № 2 (27).
8. В.Ким. Жасампаз жылдар. Алматы, 2001.
9. Баймаханов М.Т., Вайсберг Л.М., Котов А.К. Становление суверенитета Республики Казахстан. Алматы, 1994.
10. Окуньков Л.А., Рошин В.А. Вето Президента. - М.: Городец. Формула права, 1999.
11. Сахаров Н.А. Институт президента в современном мире. - М.: Юр. лит., 1994. - с. 176
12. Котов А.К. Суверенный Казахстан: гражданин, нация, народ. Алматы, 1997.
13. Становление правового государства и конституционный процесс в РК. / Отв. ред. Баймаханов М.Т. Алматы, 2001.
14. Баишев Ж.Н. Судебная защита Конституции. Алматы, 1994.
15. Мухамеджанов Э.Б. Избирательное право РК. Алматы, 2001.

Нормативтік әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы (21.05.2007ж. енгізілген өзгертулермен)
2. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы
3. 16 желтоқсан 1991 жылғы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңы.
4. 25 қазан 1990 жылғы "Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы" Декларация.
5. Қазақстан Республикасының 2 ақпан 2011 жылғы "Қазақстан Республикасының Конституциясына толықтырулар енгізу туралы" Заңы. // "Егемен Қазақстан", 03.02.2011 ж.
6. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 20 желтоқсан 1991 жылғы Қазақстан Республикасының заңы (2007.22.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
7. Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы 1995 ж. 19 маусымдағы № 2337 Қазақстан Республикасының Заңы (2007.27.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
8. Қоғамдық бірлестіктер туралы ҚР заңы. 31.05.1996ж. (2007.15.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
9. Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы 1995 жылғы 17 наурыздағы ҚР Заңы (20.12. 2004. ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерімен)
10. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 28.09.1995 жылғы ҚР конституциялық заңы (19.06.2007 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
11. "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 26.12.1995 жылғы ҚР конституциялық заңы. (2011 жылғы редакцияда)
12. ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы 1995 жылғы 16 қазандағы ҚР конституциялық Заңы (2007.19.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
13. "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 18.12.1995 жылғы ҚР конституциялық заңы. (2007.19.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
14. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы (24.11.04 ж. ҚР Конституциялық Заңымен енгізілген өзгерістерімен)
15. Қаз ССР-нің "Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1990 жылғы 24 сәуірдегі заңы

СӨЖ / СОӨЖ бойынша тапсырмалар және әдістемелік ұсыныстар.

СӨЖ № 1. Тақырыбы: ҚР Конституциясының дамуының негізгі кезеңдері (жеке-бағдарланған) - жабаша

Сұрақтар:

1. КСРО-ның таратылу процесі, егемен Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы, нығаюы және дамуы.
2. 1978 жылғы Қаз ССР Конституциясын, оның жетістіктері мен кемшіліктерін талдау.
3. 1993 жылғы ҚР Конституциясын қабылдаудың алғышарттары мен себептері, оның мазмұны. Осы Конституцияның негізгі жаңалықтары, кемшіліктері
4. 1995 жылғы ҚР Конституциясын қабылдаудың алғышарттары мен себептері.
5. 1995 ж. ҚР Конституциясының негізгі идеялары, онда көрініс тапқан жаңалықтар.
6. ҚР Конституциясына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар.

Әдістемелік ұсыныс: 1-ші СӨЖ реферат түрінде орындалады. Реферат үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Кіріспе бөлімде жалпы Конституцияның түсінігіне, мәніне, маңызына тоқталу керек. Берілген сұрақтар негізгі бөлімде ашылып, қамтылады. Қорытынды бөлімде ҚР Конституциясының қоғам мен мемлекет дамуындағы рөліне қатысты студенттің көзқарасы тұжырымдалып, Конституцияның әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар қарастырылуы қажет. Тиісті тақырып бойынша реферат жазылып, ол қорғалған жағдайда СӨЖ тапсырылды деп есептеледі.

Берілген сұрақтарды қамтып реферат жазу үшін келесі әдебиеттермен танысу ұсынылады:

- 1) ҚР 1993 жылғы Конституциясы
- 2) ҚР 1995 жылғы Конституциясы (07.10.1998, 21.05.2007, 02.02.2011 ж. өзгертулер мен толықтыруларды қоса)
- 3) Н.Ә. Назарбаев. Ата Заң халыққа қызмет етеді // Егемен Қазақстан. - 1996. - 30 тамыз
- 4) З.Ж. Кенжалиев. Қазақстан Республикасының Конституциясы және құқықтық саясат тұжырымдамасының іске асу кезеңдері // Вестник КазНУ. Серия юрид. – 2003. - № 2.
- 5) В.Ким. Жасампаз жылдар. Алматы, ТОО «Эдельвейс», 2001.
- 6) З.Ж.Кенжалиев, В.А.Ким. Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасының дамуы. 1-3 бөлім, Алматы, «Қазақ университеті». 2008

СӨЖ № 2. Тақырыбы: Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы.

Сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы.
2. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесін құқықтық реттеу.
3. Шетел азаматтарының Қазақстанға келуі және кетуі.
4. Шетел азаматтарының жауаптылығы.

Әдістемелік ұсыныс: СӨЖ ауызша нысанда тапсырылады. Сондықтан, берілген сұрақтарға жауап беру үшін келесі әдебиеттерді, нормативтік құқықтық актілерді оқу қажет:

1. Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы 1995 ж. 19 маусымдағы № 2337 Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
2. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 ж. 28 қаңтардағы № 136 қаулысы (07.09.2006 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
3. “Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы” 15 шілде 1996 жылғы ҚР Президентінің жарлығы (19.04.2000ж. ҚР Президентінің жарлығымен өзгертулер енгізілген).
4. Калиева А.М. О правовом статусе иностранных граждан. Алматы, 1994

СӨЖ № 3. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының саяси жүйесі.

Сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің түсінігі, қоғамның саяси ұйымымен арақатынасы.
2. ҚР саяси жүйесінің құрылымы мен элементтері.
3. ҚР саяси жүйесінің функциялары.
4. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар, оларды ұйымдастырудың және қызметінің құқықтық негіздері. Саяси плюрализм қағидасын конституциялық-құқықтық бекіту.

Әдістемелік ұсыныс: СӨЖ коллоквиум түрінде тапсырылады. Сондықтан, СӨЖ тақырыбын меңгеріп, берілген сұрақтарға жауап беру үшін келесі әдебиеттер мен нормативтік актілерді оқу қажет:

1. ҚР Конституциясы – 1993ж.
2. ҚР Конституциясы – 1995ж. (02.02.2011жылғы толықтырулармен берілген нұсқада)
3. Қоғамдық бірлестіктер туралы ҚР заңы. 31.05.1996ж. (15.05.2007 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
4. Саяси партиялар туралы ҚР заңы. 15.07.2002ж. (15.05.2007 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
5. Сакиева Р.С. О политических партиях // Фемида, 1997, ғ2.
6. Ким В.А.Ким Г.В. Конституционный строй РК., А., 1998г.
7. Дьяченко С., Кармазина Л. Многопартийность: проблемы и перспективы // Мысль, 1998, №2.

СӨЖ № 4. Тақырыбы: Парламент депутатының мәртебесі.

Сұрақтар:

1. Парламент депутаты – халықтың уәкілетті өкілі. Парламент депутаттарына қойылатын талаптар.
2. Парламент депутаты мәртебесін конституциялық-құқықтық реттеу.
3. Парламент депутатының өкілеттіктері.
4. Оларды жүзеге асырудың ұйымдық-құқықтық нысандары.

Әдістемелік ұсыныс: СӨЖ қабылдау аз топтарда (3-5 адам) бақылау жүргізу түрінде өткізіледі. Сондықтан, берілген сұрақтарға жауап беру үшін келесі әдебиеттер мен нормативтік актілерді оқу керек:

1. 1993 және 1995 ж. ҚР Конституциялары.
2. ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы 1995 жылғы 16 қазандағы ҚР конституциялық Заңы (19.06.2007 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
3. Г.С.Сапарғалиев. Парламентское право. Алматы, 2009
4. Конституция и законодательная власть в Казахстане. А., 1996г.
5. Лаврентьев А.Н. Депутатские фракции в Парламенте РК //Саясат, 1998 – 3.
6. Парламентское право России / Под ред. Степанова И.М. и Хабриевой Т.Я., М., Юрист, 1999.

СӨЖ № 5. Тақырыбы: Қазақстан Республикасында конституциялық бақылау институтының қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері (жеке-бағдарланған).

Сұрақтар:

1. Конституциялық бақылаудың түсінігі. Конституциялық бақылау органдары, олардың міндеттері.
2. ҚР-да конституциялық бақылаудың қалыптасуы мен дамуы үшін ҚазССР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы 22.09.1989ж. заңның маңызы.
3. 1993 жылғы ҚР Конституциясында конституциялық бақылау институтының бекітілуі, оның ағымдағы заңдылықта дамуы.
4. ҚР Конституциялық Сотының қалыптасу және даму ерекшеліктері, елімізде демократиялық процесстердің дамуы үшін оның маңызы.
5. 1995 ж. Конституцияда конституциялық бақылау органын реформалау себептері.
6. Конституциялық Кеңестің құрылу тәртібі, құқықтық мәртебесі, актілері, оның мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны.

Әдістемелік ұсыныс: СӨЖ қабылдау берілген сұрақтар бойынша реферат жазу (қорғау қарастырылады) түрінде жүргізіледі. Рефераттың кіріспе бөлімінде конституциялық бақылаудың түсінігі, маңызы, мақсаты қарастырылады. Негізгі бөлімде 2-6 сұрақтар ашылады. Конституциялық Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру жөніндегі негізгі тенденциялар мен тұжырымдар қорытынды бөлімде баяндалуы керек.

СӨЖ тақырыбы бойынша реферат жазу үшін келесі әдебиеттер мен нормативтік актілерді оқу, зерделеу қажет:

1. 1993 ж. ҚР Конституциясы.
2. 1995 ж. ҚР Конституциясы.
3. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы (24.11.04 ж. ҚР Конституциялық Заңымен енгізілген өзгерістерімен)
4. Баишев Ж.Н. Судебная защита Конституции. Алматы, 1994.
5. Боботов С.В. Конституционная юстиция (сравнительный анализ), Москва, 1994.
6. Караев А.А. Конституционный контроль Казахстан и зарубежный опыт. А., 2002.

Білім мен құзыретті бақылау формалары:

Бақылау жұмыстары: семестрде 2 жұмыс

СӨЖ: 5 (реферат, коллоквиум).

АБ: 2

Аралық бақылау: емтихан емтихан сессиясы кезінде.

Аралық бақылау пәннің мазмұнына кіретін теориялық және практикалық сұрақтар бойынша жүргізіледі (7, 8 апта).

Модульдің пәндері бойынша кеңесті оқытушының кеңсе-сағаты (СОӨЖ) уақытында алуға болады.

Білім және құзыретті бағалау тәртібі, % баллдар

Бақылау жұмыстары	10	
Практикалық сабақтарға қатысуы және белсенділігі	20	60
Жеке немесе топтық тапсырмалар (СӨЖ)	30	
Аралық бақылау (емтихан)	40	40

Аралық бақылау (жазбаша немесе ауызша) және емтихан өткізу формасы - жазбаша

II пән « АҚ 1304» - « Әкімшілік құқық » (Зкредит)

Пәннің МАЗМҰНЫ:

Мақсаты Қазақстан Республикасында мемлекеттік реттеу және басқарудың құқықтық аспектілерін зерттеу. Аталған мақсат мынандай мәселелерден құралады:

1. Атқарушы билік органдарының қызметі мен ұйымдастырылуын зерттеу.
2. Мемлекеттік реттеу және басқарудың негізгі нысандарын зерттеу.
3. Әкімшілік мәжбүрлеу және әкімшілік жауаптылық институтының құқықтық регламентациясын зерттеу.
4. Әкімшілік тәртіптің нормативтік-құқықтық актілерімен жұмыс істеуге үйрену.

Міндеттері: Қарастырылған пәнді оқу процесінде студенттер мемлекеттік аппараттың құрылымын, мемлекеттік органдардың түрлері мен деңгейлерінің өкілеттігін және де мемлекеттік қызмет институтының және жеке, заңды тұлғалардың мемлекеттік құрылымдармен ара-қатынасын құқықтық реттеумен танысады. Қарастырудың ерекше аспектісі болып әкімшілік-құқықтық режидердің түрлері және мемлекеттік реттеудің, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің әдістері табылады.

Әкімшілік құқық мемлекеттік басқару және реттеудің заңдық жағын, соның ішінде атқарушы биліктің құрылымын, мемлекеттік басқару органдарының ішкі құрылымын, мемлекеттік басқарудың нысандары мен қолдалынатын әдістерді және т. б – ды зерттейді. Аталған пән құқықтың негізгі саласын зерттейді, сәйкесінше оны зерттеу мемлекеттік қызметтің түрлі аспектілерін зерттейтін пәндерді оқу үшін міндетті. Аталған курста классикалық теоретикалық мәселелермен қатар қоғам мен мемлекеттің өмірінің түрлі салаларындағы мемлекеттік саясаттың актуалды проблемалары мен перспективалары қарастырылады.

Модуль бойынша оқытудың нәтижелері

Әкімшілік құқық мемлекеттік басқарудың құқықтық жағын зерттейтін құқықтың негізгі саласы және негізгі мемлекеттік қызметтердің (кеден құқығы, валюталық құқық, қаржы құқығы, салық құқығы, т.б.) жүзеге асырылуын құқықтық реттеуді зерттейтін пәндер үшін фундаменталды болып табылады.

Әкімшілік құқық ғылым ретінде де, сала ретінде де Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін реформалаумен байланысты және де мемлекеттіліктің дамуының бүгінгі күнгі деңгейінде мемлекеттік реттеу және басқарудың әдістері мен нысандарына байланысты үлкен өзгерістерге ұшырады.

Әкімшілік құқық жүйесі жалпы және негізгі бөлімдерден құралады. Жалпы бөлімі негізгі түсініктік аппараты, мемлекеттік қызмет институтын, әкімшілік мәжбүрлеу және әкімшілік жауаптылық институтын біріктіреді. Аталған пәннің ерекше бөлімі мемлекеттік реттеу және қоғам мен мемлекеттің өмірінің жеке алған салаларындағы реттеудің ерекшеліктерін қарастырады.

құзырет: елдегі басқару қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жиынтық атауы;

елбасының, басқа да мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың жұмысты басқаруды ұйымдастыратын қызметкерлер құрамы;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының жүйесіне кіретін жергілікті атқару органының атауы.

Әкімшіліктің ұйымдық құрылымы оның жергілікті мемлекеттік биліктің атқарушы органы ретіндегі қызметінің міндеттері мен құзыреттері арқылы айқындалады. Әкімшілік кімнен, оның орынбасарларынан, басқармалардан, бөлімдерден және т.б. қызмет бөлімшелерінен тұрады. Әкімшіліктің құрылымын облысты, ауданды, қаланы басқарудың жобасына сәйкес анықтап, әкімнің ұсынуымен мәслихат бекітеді. Жергілікті атқару органдарының экономикалық және қаржылық негізгі әкімшілік-аумақтық бірліктердің меншіктерінен, жергілікті бюджеттің қаражатынан, жергілікті салықтардан, бюджеттен

бөлінетін дотациялар мен субвенциялардан, мемлекеттік алымдардан, қаланың, ауданның меншігіндегі мүлік үшін төленетін жалдамалық ақылардан, кәсіпорындардан алынатын салықтардан және басқа да төлемдерден құралады. Әкім жергілікті бюджеттен басқа бюджеттен тыс қор құра алады. Оған иесіз және тәркіленген мүліктерден түскен табыстар, сенбіліктер өткізуден, жергілікті займдар, лотереялар таратудан, аукциондардан түскен пайда кіреді. Әкімшілік бюджетті жоспарлап, қалыптастыру, жұмсау, шаруашылық қызметті ұйымдастыру, көлік пен байланыс, жер пайдалану, табиғатты қорғау, табиғи ресурстарды жөнімен пайдалану, тұрмыстық қызмет көрсету, сауда, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік- мәдени қызмет көрсету (білім беру, денсаулық сақтау, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, т.б.), заңдылықты, құқықты, тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғау құзыретін иеленеді.

ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, КӨЛЕМІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Апта	Пән «АК 1304» - « Әкімшілік құқық », 3 кредит		
	Тақырыптың атауы	Сағат	СӨЖ тапсырмалары
I тақырыптық блок**			
1	1 дәріс «Әкімшілік құқығының түсінігі, пәні мен әдісі» 1 практикалық сабақ «Әкімшілік құқығының түсінігі, пәні мен әдісі»	2 1	
2	2 дәріс «Әкімшілік құқықтық нормалар және құқықтық қатынастар» 2 практикалық сабақ «Әкімшілік құқықтық нормалар және құқықтық қатынастар»	2 1	
3	3 дәріс «Атқарушы билік органдарының жүйесі. Атқарушы билік саласындағы Президент өкілеттігі» 3 практикалық сабақ «Атқарушы билік органдарының жүйесі. Атқарушы билік саласындағы Президент өкілеттігі»	2 1	<i>«Әкімшілік құқықтың сала және ғылым ретінде даму» тақырыбында реферат тапсыру міндетті. Тапсыру уақыты – 3-4 апта</i>
II тақырыптық блок**			
4	4 дәріс «ҚР-ның Үкіметі Қазақстан Республикасының ең жоғарғы атқарушы органы ретінде» 4 практикалық сабақ «ҚР-ның Үкіметі Қазақстан Республикасының ең жоғарғы	2 1	

	атқарушы органы ретінде»		
5	5 дәріс «Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы билік органдары» 5 практикалық сабақ «Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы билік органдары»	2 1	<i>«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің кадрлық саясаты» тақырыбында СӨЖ ауызша тапсырылады. Тапсыру уақыты – 6 апат</i>
6	6 дәріс «Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы билік органдары» 6 практикалық сабақ «Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы билік органдары»	2 1	
7	7 дәріс «Әкімшілік құқық субъектілері ретінде жеке тұлғалар» 7 практикалық сабақ «Әкімшілік құқық субъектілері ретінде жеке тұлғалар»	2 1	<i>«Қоғамдық-қауіпті ауруларды күштеп емдеу» тақырыбында СӨЖ ауызша коллоквиум түрінде тапсырылады. Тапсыру уақыты – 7 апта</i>
III тақырыптық блок**			
8	8 дәріс «Әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде заңды тұлғалар». 8 практикалық сабақ «Әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде заңды тұлғалар».	2 1	
9	9 дәріс «Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет». 9 практикалық сабақ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет».	2 1	
10	10 дәріс «Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәртебесі». 10 практикалық сабақ «Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәртебесі».	2 1	
11	11 дәріс «Мемлекеттік басқарудың нысандары». 11 практикалық сабақ «Мемлекеттік басқарудың нысандары».	2 1	<i>«Әкімшілік-құқықтық режимдер» тақырыбында СӨЖ қабылдау аз топтарда (3-5 адам) бақылау жүргізу түрінде өткізіледі. Тапсыру уақыты – 11 апта</i>
IV тақырыптық блок**			
12	12 дәріс «Мемлекеттік басқару әдістері». 12 практикалық сабақ «Мемлекеттік басқару әдістері».	2 1	
13	13 дәріс «Әкімшілік мәжбүрлеу, түсінігі және түрлері».	2	

	13 практикалық сабақ «Әкімшілік мәжбүрлеу, түсінігі және түрлері».	1	
14	14 дәріс «Әкімшілік жауаптылық». 14 практикалық сабақ «Әкімшілік жауаптылық».	2	<i>«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндіріс» тақырыбында СӨЖ қабылдау реферат жазу түрінде жүргізіледі (қорғау қарастырылады). Тапсыру уақыты – 14 апта</i>
		1	
15	15 дәріс «Атқарушы билікті жүзеге асыру саласында заңдылық режимі». 15 практикалық сабақ «Атқарушы билікті жүзеге асыру саласында заңдылық режимі».	2	
		1	

Білім және құзырет жүйесіндегі пәннің негізгі ұғымы:

Әкімшілік құқық- биліктің атқарушы органдарының (мемлекеттік басқарудың) қызметі мен ұйымдасу процесінде жүзеге асатын қоғамдық қарым-қатынасты зерттейтін құқықтың негізгі саласы.

Әкімшілік жауапкершілік- әкімшілік белгілері бар құқық бұзушылықты жасағаны үшін заң шығарушы арнайы белгілеген алып қою шарасын қолдануда түйінделетін құқықтық жауапкершілік түрі.

Әкімшілік юрисдикция- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудағы лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік органдардың құзыры.

Әкімшілік қамауға алу- жеке тұлғаны бостандығынан уақытша айыруды көрсететін қамауға алу түрі. Ол превентивті және арнайы болып бөлінеді. Мақсаты- құқыққа қайшы әрекетті.

Әкімшілік-құқықтық нормалар- атқарушы билік қызметі аумағында тоқтатылатын, өзгертілетін және жасалатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормасының түрі.

Әкімшілік-құқықтық қатынастар- мемлекеттік басқару процесінде жасалатын құқықтық қатынастардың түрі.

Әкімшілік айыппұл- әкімшілік алымның ақшалай түрі. Ол айлық есептік көрсеткіш бойынша есептеледі. Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексі заңды тұлғалар, лауазымды тұлғалар және жеке тұлғаларға айыппұлдың максималды және минималды түрін бекітеді. ӘҚБК 48-бап

Әкімшілік процедуралар- басқарушылық қызмет процесінде қолданылатын процедуралар тізбесі (бірыңғай Заңмен реттеледі). Түрлері: шешімді қабылдау және орындау тәртібі; мемлекеттік аппарат жұмысын ұйымдастыру процедурасы; азаматтардың үндеуін қарастыру процедурасы; экономика обласында шешімді қабылдау процедурасы.

Әкімшілік мерзімдер- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарастыруда және әкімшілік өндіріске байланысты істі қарастыруда әкімшілік заң шығарушы бекіткен мерзімдер.

Әкімшілік мемлекеттік қызметкер- мемлекеттік органда тұрақты кәсіби негізде лауазымдық өкілеттілікті жүзеге асыратын, саяси мемлекеттік қызметкерлер құрамына кірмейтін мемлекеттік қызметкер.

Әкім- орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінде келісілген өзара әсер етуді жүзеге асыратын, оған сеніп тапсырылған территориясында мемлекеттік саясаттың өткізілуін қамтамасыз ететін және жергілікті атқарушы органды басқаратын, Президент пен Үкіметтің орындардағы өкілі. Саяси мемлекеттік қызметкер. «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР Заңы мен ҚР Конституциясы бойынша құқықтық мәртебесі реттеледі.

Мемлекеттік қызмет- мемлекеттің қызмет етуі мен іске асуы бойынша мемлекеттік органдардағы мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби қызметі.

Мемлекеттік қызметкер-өтеулі негізде мемлекеттің функциясы мен шешімдерінің жүзеге асырылуы мақсатында лауазымды өкілеттілікті іске асыратын және белгіленген заңи тәртіп бойынша мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлға.

Лауазымды тұлға- әкімшілік шаруашылық функцияны немесе ұйымдастыру-билік етуді іске асыратын не билік өкілі функциясын тұрақты не уақытша не арнайы өкілеттілік бойынша жүзеге асыратын тұлға.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс- әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соқтыру тәртібі мен негізін реттейтін бекітілетін нормалар, бірыңғай кодификацияланған 2001 жылы 30 қаңтарда қабылданды.

Жергілікті комендатура- төтенше жағдайлар тәртібін қамтамасыз ету үшін төтенше ахуал енгізілген жергілікке Қазақстан Республикасының Президентімен құрылған арнайы орган;

Тәрбиелік ықпал ету шаралары- әкімшілік құқық бұзушылықты жүзеге асырған кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылатын превентивті және жазалау шарасы. Оған мыналар жатады: ата-ана бақылауына беру; келтірілген зардапты жоюға міндетті жүктеу; кірісті шектеу; кәмелетке толмағандардың жүріс-тұрысына ерекше талаптарды бекіту;

Министрлік- мемлекет пен қоғамның өмір сүруінің бір немесе бірнеше аймағындағы мемлекеттік басқару функциясын, сонымен қатар өз құзырлығы шегінде салааралық координацияны жүзеге асыратын Үкімет құрамына енетін орталық атқарушы орган.

Министр- саяси мемлекеттік қызметкер, министрліктің басқарушысы. Премьер-Министр ұсынысы бойынша Президент арқылы тағайындалады, министрліктегі жұмысы мен оған бағынған саладағы (салалардағы) жұмысы үшін Премьер-Министр мен Президент алдында жеке жауапкершілікті көтереді.

Үкімет- биліктің атқарушы органдарының барлық жүйесінің басқарылуын жүзеге асыратын, Премьер-Министр басқарушылығындағы ҚР-ң жоғарғы атқарушы органы.

Құқықтық мәжбүрлеу- заң шығарушымен санкцияланған және өкілетті органдар қолданатын шаралар жиынтығы.

Ұсыныс- осы не өзге мемлекеттік органдардың, сонымен қатар ұйымның жұмыстарын жетілдіру, қойылған мақсатты шешу және нақты жолдарын табуға кеңес беру үшін назар аудартуды мақсат ететін үндеудің түрі.

Созылмалы әкімшілік құқық бұзушылық-бір мақсатқа бағытталған және ортақ ойға біріктірілген, тең іс-әрекеттер қатарында жасалатын әкімшілік құқық бұзушылық.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндіріс-әкімшілік құқық бұзушылық туралы жеке істерді қарастыру, шешу, қозғау бойынша жүйеленген процессуальды әрекеттердің кешені.

Әкімшілік қамауға алу туралы хаттама- әкімшілік қамауға алу шарттары мен себебін тіркейтін ресми құжат. Онда оның жасалуының мерзімі, уақыты, оны жасаған және қамауға алынған тұлға туралы мәліметтер, сонымен қатар қамауға алынудың негіздері тіркеледі. ӘҚБК 635 бап

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама- әкімшілік құқық бұзушылық туралы нақты іс бойынша негізгі жағдайларды тіркеп, соның негізінде әрі қарай істі қарастыру жүргізілетін ресми, процессуальды құжат.

Әдебиеттер тізімі **Негізгі**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы./ Егемен Қазақстан 11.10.1997 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасу мен дамуының стратегиясы. Алматы, Дәуір. 1992 ж.
3. Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы. 06.09.2002ж./ Егемен Қазақстан 07.09.2002ж.

4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан тәуелсіздігі: тарих тағылымдары және қазіргі заман. Егемен Қазақстан, 17.12.1996.
5. Таранов А.А. Административное право. Академиялық курс. Жалпы бөлім. А., 2002 ж.
6. Таранов А.А. Административное право, академиялық курс, Ерекше бөлімі. А., 2002 ж.
7. Бахрах Д.Н. Административное право. М., 1996 ж.
8. Тихиморов Ю.А. Курс административного права и процесса. Юринформцентр. 1998 ж.
9. Российское полицейское (административное право) Хрестоматия. ВГУ баспасы. 1999 ж.
10. Административное право. Оқулық. Агапова А.Б. Городец ред-мен. 1999 ж.
11. Правовые проблемы реформирования государственной службы суверенного Казахстана. Сапарғалиев Г.с. Ред. Астана 2003 ж.
12. Алексин А.П., А.А. Кармолицкий, Ю.М. Козлов. Административное право РФ. М., «Зеркало» 1996 ж.
13. Прутников А.С., Андриашин Х.А. Административно-правовое обеспечение прав и свобод человека и гражданина. М., «ЮНИТИ» 1998 ж.
14. Таранов А.А. Административная ответственность в Республике Казахстан. А., 2002 ж.
15. Жатқанбаева А.Е. Законодательство РК об административной ответственности. А., 2002 ж.
16. Жетписпаев Б.А. Административный процесс. А., 2002 ж.
17. Административная ответственность в СССР. Воронеж 1970 ж.
18. Бахрах Д.Н. Административно-правовые санкции. М., 1972 ж.
19. Галаган И.А. Административная ответственность в СССР. Воронеж 1970 ж.
20. Комментарий к КоАП РСФСР. М., 1997 ж.
21. Таранов А.А. комментарий в КоАП РК. 2 кітапта. Алматы. Норма-К, 2002 ж.
22. Дюрягин И.Я. Право и управление. М., 1981 ж.
23. Старилов Ю.Н. Административная юстиция. Теория, история, перспективы. М., норма – ИНФРА, 2001.
24. Драго Р. Административная наука. М. Прогресс. 1982.
25. Советское административное право. Васленков ред-мен., Юрид. Лит-ра. 1990.
26. Советское административное право. Методы и формы государственного управления. М. Юрид. Лит-ра. 1977 ж.
27. Тихиморов Ю.А. Теория Закона. М., 1982 ж.
28. Государственная служба (комплексный подход) Учебное пособие. М., 1999 ж.
29. Ущицкая А.А. Административные правонарушения ответственность за их совершение. Рига. 1988 ж.
30. Якуба. О.М. Административная ответственность. М., 1972 ж.
31. Административное право зарубежных стран. Козырина Н.М., 1996 ж.
32. Агеева. Е.А. Юридическая ответственность в государственном управлении. М., 1990 ж.

Нормативтік әдебиеттер

1. ҚР-ның Конституциясы, 30.08.1995.
2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы ҚР-ның Кодексі, 30.01.2001.
3. ҚР-ның Азаматтық Кодексі, 27.12.1994.
4. ҚР-ның Қылмыстық Кодексі, 16. 07. 1997.
5. «ҚР-ның Үкіметі туралы» ҚР-ның Конституциялық Заңы 26.12.1995.
6. «ҚР-ның Президенті туралы» ҚР-ның Конституциялық Заңы, 26.12.1995.
7. «ҚР-ның Үкіметінің құрылымы туралы» пезидент Жарлығы, 22.01.1999.
8. «ҚР-ның азаматтығы туралы» ҚР-ның Заңы, 20.12.1991.
9. «Азаматтардың арыздарын қарау тәртібі туралы» ҚР-ның Президентінің Заң күші бар Жарлығы, 19.06.1995.
10. «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР-ның Заңы, 23.01.2001.
11. «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР-ның Заңы, 23.07.1999.
12. «Сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы» ҚР-ның Заңы, 02.07.1998.
13. «Ұлттық қауіпсіздік туралы» ҚР-ның Заңы, 26.07.1998.
14. «Мемлекеттік құпия туралы» ҚР-ның Заңы, 15.03.1999.

15. «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» ҚР-ның Заңы, 24.03.1998.
16. «Әкімшілік процедуралар туралы» ҚР-ның Заңы, 27.10.2000.
17. «Төтенше жағдайды құқықтық реттеу туралы» ҚР-ның Заңы, 05.02.2003.
18. «Әскери жағдай туралы» ҚР-ның Заңы, 03.03.2003.
19. «Психиатриялық көмек және оны көрсету кезіндегі азаматтардың құқықтарының кепілдіктері туралы» ҚР-ның Заңы, 07.04.1997.
20. «Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратындарды күштеп емдеу туралы» ҚР-ның Заңы, 10.12.1999.
21. «Бас юостандығынан айыру органдарынан шыққан тұлғаларға әкімшілік бақылау туралы» ҚР-ның Заңы.15.07.1996.
22. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР-ның Заңы, 31.05.1996.
23. «ҚР-нда шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы туралы» Президенттің Заң күші бар Жарлығы, 19.07.1995.
24. «Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық туралы» ҚР-ның Заңы, 08.07.1994.
25. «ҚР-ның әкімшілік-территориялық құрылымы туралы» ҚР-ның Заңы, 08.12.1993.
26. «ҚР-ның қорғаушы және Қарулы күштері туралы» ҚР-ның Заңы, 09.04.1993.
27. «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР-ның президентінің Жарлығы,21.12.1995.
28. «ҚР-ның Прокуратурасы туралы» Президенттің Заң күші бар Жарлығы, 21.12.1995.
29. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша комиссия туралы үлгі ережелер. Үкімет қаулысымен бекітілген, 17.06.2001.
30. «ҚР-ның ішкі істер органдары туралы» Президенттің Заң күші бар Жарлығы, 21.12.1995.

Негізгі әдебиеттер:

1. Таранов А.А. Административное право. Академиялық курс. А., 2003 ж.
2. Бахрах Д.Н. Административное право. М., 1996 ж.
3. Алехин А.П., А.А. Кармолицкий, Ю.М. Козлов. Административное право РФ. М., «Зеркало» 1996 ж.

Арнайы әдебиеттер:

1. Ибрагимов Х.Ю. Административное право. А., 1999 ж.
2. Уваров В.Н. Государственная служба и управление. А., КазГЮА баспасы, 2004 ж.
3. Жетписпаев Б.А. Административное принуждение. А., 2003 ж.
4. Юсупов В.А. Теория административного права. М., 1985 ж.
5. Коронев А.П. Административное право. 2 томдық оқулық. М., 1996-1997жж.

СӨЖ/СОӨЖ бойынша тапсырмалар және әдістемелік ұсыныстар

СӨЖ №1. Тақырыбы: Әкімшілік құқықтың сала және ғылым ретінде даму тарихы (жазбаша).

Сұрақтар:

1. Әкімшілік құқықтың ғылым және құқық саласы ретіндегі түсінігі және пәні.
2. Әкімшілік құқық ғылымының мақсаттары.
3. Әкімшілік құқық және полициялық құқық, ара қатынасы және даму этаптары.
4. Әкімшілік құқық саласы мен ғылымының дамуының қазіргі жағдайлары.

Әдістемелік ұсыныс: 1-ші СӨЖ реферат түрінде орындалады. Реферат үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Кіріспе бөлімде жалпы Әкімшілік құқықтың түсінігіне, мәніне, маңызына тоқталу керек. Берілген сұрақтар негізгі бөлімде ашылып, қамтылады. Қорытынды бөлімде Әкімшілік құқықтың қоғам мен мемлекет дамуындағы рөліне қатысты студенттің көзқарасы тұжырымдалып, әкімшілік құқықтың әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар қарастырылуы қажет. Тиісті тақырып бойынша реферат жазылып, ол қорғалған жағдайда СӨЖ тапсырылды деп есептеледі.

Берілген сұрақтарды қамтып реферат жазу үшін келесі әдебиеттермен танысу ұсынылады:

1. Таранов А.А. административное право. Академиялық курс. Жалпы бөлім. А.,2002 ж.
2. Таранов А.А. административное право. Академиялық курс. Ерекше бөлімі. А.,2002 ж.

3. Бахрах Д.Н. Административное право. М., 1996 ж.
4. Тихимиров Ю.А. Курс административного права и процесса. Юринормцентр. 1998 ж.
5. Российское право (административное право) Хрестоматия. ВГУ баспасы. 1999 ж.
6. Административное право. Оқулық. Агапова А.Б. Городец. Редакциясымен. 1999 ж.

СӨЖ №2. Тақырыбы: Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің кадрлық саясаты.

Сұрақтар:

1. Мемлекеттік қызмет түсінігі және оның ерекше белгілері.
2. Мемлекеттік қызметтің кадрлық саясаты саласында мемлекеттік басқару.
3. ҚР-да мемлекеттік басқару институтының дамуының негізгі бағыттары.
4. Мемлекеттік қызметкерлерді оқыту және әлеуметтік қолдау.

Әдістемелік ұсыныс: СӨЖ ауызша нысанда тапсырылады. Сондықтан, берілген сұрақтарға жауап беру үшін келесі әдебиеттерді, нормативтік құқықтық актілерді оқу қажет:

1. Правовые проблемы реформирования государственной службы суверенного Казахстана. Под. ред. Сапарғалиева Г.С. Астана 2003ж.
2. Таранов А.А. Административное право РК. Академиялық курс. А., 2003 ж.
3. Уваров В.Н. Государственная служба и управление. А., 2004ж.
4. «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР-ның Заңы 23 шілде 1999 ж.
5. Мемлекеттік қызмет істері бойынша Агенттік туралы ереже, Үкімет қаулысы.

СӨЖ №3. Тақырыбы: Қоғамдық-қауіпті ауруларды күштеп емдеу

Сұрақтар:

Қоғамдық-қауіпті ауруларды (туберкулез, алкоголизм, наркомания, токсикомания, психикалық аурулар, лепра) күштеп емдеу мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерттеу және анализдеу.

Әдістемелік ұсыныс: СӨЖ коллоквиум түрінде тапсырылады. Сондықтан, СӨЖ тақырыбын меңгеріп, берілген сұрақтарға жауап беру үшін келесі әдебиеттер мен нормативтік актілерді оқу қажет:

1. «Психиатриялық көмек және оны көресту кезіндегі азаматтардың құқықтарының кепілдіктері туралы» ҚР-ның Заңы 7 сәуір 1997 ж.
2. «Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарды күштеп емдеу туралы» ҚР-ның Заңы 10 желтоқсан 1999 ж.
3. «ҚР-ның ішкі істер органдары туралы» Президенттің Заң күші бар Жарлығы, 21 желтоқсан 1995 ж.
4. «Алкоголизм, наркомания және токсикоманиямен ауыратындарды күштеп емдеу туралы» Президенттің Заң күші бар Жарлығы, 7 сәуір 1995 ж.

СӨЖ №4. Тақырыбы: Әкімшілік-құқықтық режимдер.

Сұрақтар:

1. Әкімшілік-құқықтық режимдердің түсінігі.
2. Әскери жағдай, әскери жағдайды енгізудің негіздері, әскери жағдайды енгізу кезіндегі қолдалынатын шаралар туралы заңнаманың анализі.
3. «Төтенше жағдай туралы» Заңның анализі, төтенше мән-жағдайлар бойынша министрліктің өкілеттіктері.
4. Құпиялылық режимінің түсінігі және оның қамтамасыз етілуі.
5. Шекаралық режим түсінігі.

Әдістемелік ұсыныс: СӨЖ қабылдау аз топтарда (3-5 адам) бақылау жүргізу түрінде өткізіледі. Сондықтан, берілген сұрақтарға жауап беру үшін келесі әдебиеттер мен нормативтік актілерді оқу керек:

1. «Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы» ҚР-ның Заңы, 5 ақпан 2003 ж.

2. «Әскери жағдай туралы» ҚР-ның Заңы, 3 наурыз 2003 ж.
3. «Мемлекеттік құпиялар туралы» ҚР-ның Заңы, 15 наурыз 1999 ж.
4. Рушайло В.Б. Административно-правовые режимы. М., 2000ж.
5. Бахрах Д.Н. Административное право, М., 1996 ж.
6. Таранов А.А. Административное право. А., 2003 ж.

СӨЖ №5. Тақырыбы: Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндіріс.

Сұрақтар:

Түрлі салалардағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері бойынша оқытушы ұсынатын жағдайлық есептерді шешу. Істің барлық жағдайларын ескере отырып, істелінген бұзушылық үшін юрисдикция, бұзушылық түрін анықтау, бапты таңдау. Іс жағдайларына тәуелділікте процессуалдық құжаттардың (протоколдар, түсініктемелерді, квитанцияларды, т.б.-ды құрастыру) бланктерін толтыру.

Әдістемелік ұсыныс: СӨЖ қабылдау берілген сұрақтар бойынша реферат жазу (қорғау қарастырылады) түрінде жүргізіледі. Рефераттың кіріспе бөлімінде конституциялық бақылаудың түсінігі, маңызы, мақсаты қарастырылады.

СӨЖ тақырыбы бойынша реферат жазу үшін келесі әдебиеттер мен нормативтік актілерді оқу, зерделеу қажет:

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекс, 30 қаңтар 2001 ж.
2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексті қолдану бойынша инструкция, 20 қаңтар 2001 ж.
3. Жатқанбаева А.Е. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша ҚР-ның заңнамасы. А., 2003 ж.
4. Жетписбаев Б.А. Административная ответственность. А., 2000 ж.
5. Жетписбаев Б.А. Административный процесс (производство по делам об административных правонарушениях). А., 2004 ж.
6. Таранов А.А. Административная ответственность. А., 1998 ж.

Білім мен құзыретті бақылау формалары:

Бақылау жұмыстары: семестрде 2 жұмыс

СӨЖ: 5 (реферат, коллоквиум).

АБ: 2

Аралық бақылау: емтихан емтихан сессиясы кезінде.

Аралық бақылау пәннің мазмұнына кіретін теориялық және практикалық сұрақтар бойынша жүргізіледі (7, 8 апта).

Модульдің пәндері бойынша кеңесті оқытушының кеңсе-сағаты (СОӨЖ) уақытында алуға болады.

Білім және құзыретті бағалау тәртібі, % баллдар

Бақылау жұмыстары	10	
Практикалық сабақтарға қатысуы және белсенділігі	20	60
Жеке немесе топтық тапсырмалар (СӨЖ)	30	
Аралық бақылау (емтихан)	40	40

Аралық бақылау (жазбаша немесе ауызша) және емтихан өткізу формасы - жазбаша

Білімді бағалау шкаласы:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	-	0-49	Қанағаттанарлықсыз
I (Incomplete)	-	-	Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
P (Pass)	-	-	«Есептелінді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
NP (No Pass)	-	-	«Есептелінбейді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AW (Academic Withdrawal)	-	-	Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
Атт-ған	-	30-60 50-100	Аттестатталған
Атт-маған	-	0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

Академиялық мінез-құлық және әдептілік саясаты

Толерантты болыңыз, басқалардың пікірлерін құрметтеңіз. Қарсылықтар нақты формада тұжырымдалсын. Плагиат және басқа әділетсіз жұмыстарға жол жоқ. СӨЖ, аралық бақылау және емтихан тапсыру барысында көшіруге және басқадан көмек сұрауға, басқа адамдардың шығарған есептерінің көшірмесін алуға, басқа студенттің орнына емтихан

тапсыруға жол берілмейді. Курстың кез келген мәліметін бұрмалаған студенттің қорытынды бағасы «F» болады.

Кафедра мәжілісінде қарастырылды
№ ___ хаттама « ___ » _____ 20 _ ж.

Кафедра меңгерушісі

з.ғ.д., проф. Усеинова Г.Р.

Дәріс оқушы

Жарболова А.Ж.

Құсайынов Д.Ө.